

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

21.09.2022 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Н. Байбахов -декан орынбасары.

Комиссия мүшелері:

С. Баймағанбетов - PhD., аға оқушышы;

А. Нысанбаева – сая.ғ.к., доцент м.а.;

Б. Кенешбаев - PhD., аға оқушышы;

М. Оспанкулова – аға оқушышы;

Д. Тубекова- докторант;

Ә. Сәрсенова – магистрант;

Д.Омаров – студент;

Б. Балтабаева – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

Хатшы: Ш. Жұмаділла

Қатыспағандар: Б. Исахов –оқушышы;

Шақырылғандар:

Л. Ибрагимова -Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

Кафедра меңгерушілер: Б.Мырзалиев, Г.Момбекова, А.Амирбек, Қ.Тұрлыбеков

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
2. БББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР Ғылым және жоғары білім Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына жана ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуін қадағалау.
3. Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген - 1 БББ (8D04106-Экономика) бойынша бағдарламалық аккредиттеу процестерін ұйымдастыру, өткізу.
4. БББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау.
5. Профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелерін қадағалау.

Тындалды:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов: 2022 жылы 1-қыркүйек күні өткен факультеттің кеңейтілген мәжілісінде сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы мен мүшелері анықталып, бекітуге ұсыныс берілген болатын және комиссияның жұмыс жоспарын әзірлеу тапсырылған болатын. Сол ұсыныс негізінде Университеттің Академиялық мәселелер вице-ректорының 16.09.2022 жылғы №03/043 Өкімімен факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының төрағасы мен комиссия мүшелері бекітілді. Берілген тапсырмаға сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленді, жоспарды бекітуге ұсынамын.

Шешім:

1. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары факультет деканына бекітуге ұсынылсын.
2. Комиссия құрамының жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілсін.

2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алып келесі мәліметтерді ұсынды:
2022-2023 оқу жылында ҚР Ғылым және жоғары білім Реестріне 25 білім беру бағдарламасы тіркелді. Олар:

№	Даярдау бағыты	БББ коды мен атауы	Жауапты кафедра	Ескерту
Бакалавриат				
1	6B031 Әлеуметтік ғылымдар	6B03138-Халықаралық қатынастар	Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар	Қолданыстағы БББ
2	6B041 Бизнес және басқару	6B04140-Менеджмент	Менеджмент және туризм кафедрасы	Қолданыстағы БББ
3		6B04141-Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар	Қолданыстағы БББ
4		6B04142-Экономика	Экономика, қаржы және есеп	Қолданыстағы БББ
5		6B04143-Есеп және аудит		Қолданыстағы БББ
6		6B04144-Қаржы		Қолданыстағы БББ
7	6B042 Құқық	6B04245-Құқықтану	Құқықтану	Қолданыстағы БББ
8		6B04281-Халықаралық құқық		Жаңа БББ
9		6B04282-Құқыққорғау қызметі		Жаңа БББ
10	6B111 Қызмет көрсету саласы	6B11157-Туризм	Менеджмент және туризм кафедрасы	Қолданыстағы БББ
11		6B11180-Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі		Жаңа БББ
Магистратура				
	7M031 Әлеуметтік ғылымдар	7M03117- Саясаттану	Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар	Қолданыстағы БББ
2		7M03140 Халықаралық қатынастар	халықаралық қатынастар	Қолданыстағы БББ
3	7M041 Бизнес және басқару	7M04118 Экономика	Экономика, қаржы және есеп	Қолданыстағы БББ
4		7M04119 Менеджмент	Менеджмент және туризм кафедрасы	Қолданыстағы БББ
5		7M04120 Есеп және аудит	Экономика, қаржы және есеп	Қолданыстағы БББ

7		7M04121 Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар	Қолданыстағы БББ
8		7M04141 Қаржы	Экономика, қаржы және есеп	Қолданыстағы БББ
9	7M042 Құқық	7M04222 Құқық	Құқықтану	Қолданыстағы БББ
Докторантура				
1	8D041 Бизнес және басқару	8D04106 Экономика	Экономика, қаржы және есеп	Қолданыстағы БББ
2		8D04107- Менеджмент	Менеджмент және туризм кафедрасы	Қолданыстағы БББ
3		8D04114 Мемлекеттік және жергілікті басқару	Мемлекеттік басқару және халықаралық қатынастар	Қолданыстағы БББ
4		8D04117 Қаржы	Экономика, қаржы және есеп	Қолданыстағы БББ
5	8D042 Құқық	8D04208 Құқық	Құқықтану	Қолданыстағы БББ

Өздеріңіз көріп отырғандай бакалавриатта 3 БББ жаңартылды. Магистратура бойынша бір БББ, 7M04141-Құқық білім беру бағдарламасы кері қайтарылды. Себеп: сарапшылар тарапынан айтылған ескертпелер түзетілмеген. Бұл бойынша Құқықтану кафедрасының меңгерушісіне қатаң шара қолдануды ұсынған болар едім, бірақ ол кісі кафедра меңгерушіліктен босады. Бірақ алдағы уақытта мұндай оқылыққа жол берілмеуі керек. Ұсыныстар мен пікірлер тыңдалып шешім қабылданды.

Шешім:

1. Факультетте дайындалатын БББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына және басқа да сыртқы және ішкі нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес, ҚР БҒМ Реестрінде 2022-2023 оқу жылына 25 БББ тіркелді, 2022-2023 оқу жылына дайындалған БББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламалары бекітілген.

2. Жаңа оқу жылына БББ дайындау барысында, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер ұлттық палатасының, басқада сарапшылардың ұсыныстары негізге алынсын (Жауапты: кафедра меңгерушілер, даярлау бағыты бойынша комиссия мүшелері).

3. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Н.Байбахов: 2022-2023 оқу жылында аккредиттеу мерзімі аяқталған, аккредиттеуден өтетін - 1 БББ бар, ол 8D04106- Экономика білім беру бағдарламасы. Сонымен қатар постмониторингтен өтетін 2 БББ бар. Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі Б. Мырзалиев: 8D04106- Экономика БББ аккредиттеуден өткізу үшін дайындық жұмыстары жүргізуде, аккредиттеу стандарттары бойынша өзін өзі бағалау есептері жазылуда.

Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Г.Момбекова: Менеджмент білім беру бағдарламасы постмониторингтен өтеді, дайындық жұмыстары қолға алынды.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылында аккредиттелуі қажет 8D04106- Экономика БББ бойынша ұсыныстар дайындалсын. (Жауапты: Кафедра меңгерушісі Б. Мырзалиев).

2. 2022-2023 оқу жылында аккредиттелуі қажет 8D04106- Экономика БББ бойынша аккредиттеуге және қалған 3 БББ бойынша постмониторингке дайындық жұмыстары күшейтілсін (Жауапты: Кафедра меңгерушілері: Б. Мырзалиев, Г. Момбекова, комиссия мүшелері М.Оспаркулова, Б. Кенешбаев).

4. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының мүшесі М.Оспанкулова: Бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігін қадағалау бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады:

2022-2023 оқу жылына ББ бойынша бітіруші жұмыс жетекшілерінің біліктілік талаптарға сәйкестігі «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығының 10 қосымшасы 74 (Б) тармағына сәйкес анықталды. Диплом жетекшілеріне қойылатын талаптарға сәйкес 3 жылдан астам жұмыс өтілінің болуы. Магистрлік жетекшілерге қойылатын талаптар: БҒСБК ұсынған журналдарында жарияланған 5 мақала, Scopus базасында тіркелген журналдарда жарияланған 1 мақала (процентілі 35-тен кем емес) болуы керек. Қазіргі таңда кафедраларда бакалавриат бойынша дипломамдық жұмыс (жоба) жазу немесе оның орнына мемлекеттік емтихан тапсыру мәселесі бойынша нақты шешілмеген.

Шешім:

2022-2023 оқу жылына бакалавриат БББ бойынша бітірушілердің дипломдық жұмыс (жоба) жетекшілерін және магистратураға, докторантураға 1-курсқа қабылданған білім алушыларға ғылыми жетекші бекіту барысында жоғарыда аталған талаптардың сақталуы қатаң қадағалансын (Жауапты: Кафедра меңгерушілері, комиссия мүшелері).

5. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының мүшесі С.Баймаганбетов сөз алып күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады. Факультеттегі профессор оқытушылар құрамының жүргізетін пән бойынша соңғы 5 жылдағы біліктілік көтеру нәтижелеріне жүргізілген мониторинг мәліметтері келтірілді (9 қосымша). Профессор-оқытушылардың 72 сағаттан кем емес өткен оқу курстарының сертификаттары пәндеріне сәйкес келеді.

Оқытушы профессорлар құрамы «Damutek» ЖШС, SAMGAR республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы және «Ғалымнұр» біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығында және Нұр-Сұлтан қаласындағы Үкіметтік емес сапаны бағалау орталығында өз өтетін пәндері бойынша біліктілікті жетілдіру» курсынан өткен. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Үздіксіз білім беру институтында «Инклюзивті білім беру» курсы бойынша ОПҚ осы курстан өтіп арнайы сертификаттар алған.

Шешім

1. Профессор-оқытушылардың бейіні бойынша алған сертификаттары, бұйрықтан үзінді, есептері жеке портфолиоларына салынуы қадағалансын (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

2. 2022-2023 оқу жылында жаңадан қызметке қабылданған оқытушылардың және бейіні бойынша біліктілік артыруы бақылауға алынсын (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

Мәжіліс төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:



Н. Байбахов



Ш. Жұмаділла